# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** Нұра ЖББМ
**Мектепалды** даярлық сынып
**Балалардың жасы** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** ІV-апта 25-29 мамыр 2025-2026 оқу жылы
Адал азамат біртұтас тәрбие «Бірлік және ынтымақ » **айы** «Апта дәйексөздері»- «Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ »

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 25.05 | Сейсенбі 26.05 | Сәрсенбі 27.05 | Бейсенбі 28.05 | Жұма 29.05 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| | **Таңертеңгі қабылдау**<br>**1. Балаларды қарсы алу**<br>**Мақсаты:** Көтеріңкі көңіл-күй қалыптастыру, достық атмосфера құру.<br>**Іс-әрекет** Балаларды жылы жүзбен қарсы алу. Бір-біріне сәлемдесуге және жылы сөздер айтуға шақыру. Қысқаша әңгіме: «Бүгін кімнің көңілі көтеріңкі?» Балалар өз көңіл-күйін смайлик арқылы білдіреді.<br>**Музыка тыңдау: «Табиғаттың әуені»**<br>**Мақсаты:**Музыканы тыңдау мәдениетін қалыптастыру. Табиғат дыбыстарын эмоционалды қабылдауға үйрету. Шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Іс-әрекет:**Балалар тыныш отырып, табиғат дыбыстарын тыңдайды (құстар, жел, су). Тыңдағаннан кейін әр бала өз сезімін смайлик немесе қимыл арқылы көрсетеді.<br>Қысқаша талқылау: «Қай дыбыс саған ең ұнады?» | | | | |
| **Ата-аналармен немесе басқа заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру** | **Өнегелі 15-минут**<br>**1. Баланың қызығушылығын қолдаңыз**<br>Баланың не көргісі келетінін тыңдаңыз және сұрақтарына жауап беруге тырысыңыз.<br>«Неліктен?» деген сұраққа бірге ойластырып жауап беріңіз.<br>**2. Қауіпсіздікке мән беріңіз**<br>Тәжірибе кезінде шыны стақан, қайнар немесе өткір заттарды қолданғанда бақылауды қадағалаңыз.<br>Баланың қолына қауіпсіз құралдар беріңіз (пластикалық стақан, қасық).<br>3. Қарапайым және көрнекі істерді таңдаңыз<br>Мөлдір су, сүт, түрлі түсті сусындар, ойыншық заттар – бәрі қолайлы және қауіпсіз.<br>Балаларға тәжірибенің нәтижесін көруге мүмкіндік беретін заттарды пайдаланыңыз.<br>**4. Балаға зерттеу мүмкіндігін беріңіз**<br>Баланы тек бақылаушы емес, тәжірибе жасаушы етіңіз.<br>Мысалы, «Суды өзің құйып көр» немесе «Қай стаканнан зат көрінеді?» деп беріңіз.<br>**5. Баланың тілін дамытуға көмектесіңіз**<br>Қарапайым сөздермен, бірақ нақты түсіндірулер беріңіз: «Су мөлдір, сол себепті ішін көре аламыз».<br>Баланы өз ойларын айтуға шақырыңыз. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс- әрекеті (қимылдық,ұлттық,сюжетті рөлдік,үстел үсті-баспа және басқа ойындар,бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)** | Қимылдық ойындар<br>**Мақсаты:** Балалардың моторикасын, қимыл үйлесімділігін, энергиясын дамыту.<br>**Мысал:** «Жануарлар қозғалысы»Балалар әртүрлі жануарларды көрсетіп қимылдайды (мысық, ит, қоян, жолбарыс).Педагог жануардың атын атайды, балалар оны қимылмен көрсетеді. Көңілді, сергітетін ойын. | Ұлттық ойындар<br>**Мақсаты:** Ұлттық дәстүрлер мен мәдениетке қызығушылықты арттыру.<br>**Мысал:** «Қара жорға билеу»Балалар топ болып «Қара жорға» күйіне билейді. Музыканың ырғақтарын сезіп, қимылдарын үйлестіреді. Балаларға ұлттық музыка мен би элементтерін көрсету | Сюжетті-рөлдік ойындар<br>**Мақсаты:** Балалардың қиялын, сөйлеу және әлеуметтік дағдыларын дамыту.<br>**Мысал:** «Дүкенде сатып алу»Бір топ бала сатушы, бір топ бала сатып алушы болып ойнайды. Сатушы затты «сату», сатып алушы «сұрау» әрекеттерін орындайды. Балалар диалог құру, сөйлеу мәдениетін үйренеді. | Үстел үсті-баспа ойындар<br>**Мақсаты:** Зейін, логикалық ойлау, сурет арқылы есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**Мысал:** «Түстерді сәйкестендіру»Балаларға түрлі түсті карточкалар беріледі. Сол карточкаларды үстел үстінде сәйкестендіру немесе жұп табу керек. Мысалы: қызыл алма – қызыл карточка, көк шыны – көк карточка. | ***Шығармашылық ойын***<br>**Мақсаты:** Балалардың шығармашылық, әлеуметтік және когнитивтік қабілеттерін дамыту.<br>**Мысал:** «Құмыраға доп сал»Бірнеше стакан немесе қорап қойылады. Балалар допты немесе жүзікше салуға тырысады. Дәлдік, көзбен бақылау және қимыл үйлесімділігін дамытады. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені № 12 | | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | **Менің Қазақстаным**<br>**ҚР гимні**<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды оқу іс-әрекетіне зейін қоюға, тәртіп сақтауға және жағымды көңіл-күй қалыптастыруға үйрету.<br>**Барысы:**<br>Балаларды шеңберге жинау. Амандасу, бір-біріне жылы сөз айту.<br>Қысқа сергіту жаттығуы: қолды жоғары-төмен көтеру, терең дем алу.<br>Зейінді шоғырландыруға арналған ойын: «Тыныштықты тыңда».<br>Оқу құралдарын ретке келтіру. | **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық**<br>**Мақсаты:**<br>Балалардың оқу іс-әрекетіне назарын шоғырландыру, ынтымақтастыққа үйрету.<br>**Барысы:**Балаларды шеңберге жинау.<br>Амандасу, смайлик арқылы көңіл-күйін білдіру.<br>Қысқа сергіту жаттығуы: орындықта отырып-тұру, аяқтарды көтеру.<br>Зейінді шоғырландыруға арналған ойын: «Қай дыбыс қайдан шықты?»<br>Оқу құралдарын дайындап, тәртіпті сақтау. | **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды оқу процесіне дайындау, бір-бірімен әрекеттестіру.<br>**Барысы:**Балаларды шеңберге жинау. Амандасу, бір-біріне жылы сөз айту. Қысқа сергіту жаттығуы: қолмен айналдыру, жеңіл секіру. Зейінді шоғырландыруға арналған ойын: «Тыныштық пен дыбыс арасындағы айырмашылық». Оқу құралдарын тексеру, реттеу.<br>. | **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды оқу іс-әрекетіне психологиялық дайындау, көңіл-күйді көтеру.<br>**Барысы:**Балаларды шеңберге жинау. Амандасу, бір-біріне жылы сөз айту. Қысқа сергіту жаттығуы: терең дем алу, қолды жоғары көтеру. Зейінді шоғырландыруға арналған ойын: «Дыбысты қайталау» – педагог дыбыс шығарып, балалар қайталайды. Оқу құралдарын дайындау, жұмысқа дайын болу. | **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды оқу іс-әрекетіне толықтай дайындау, тәртіпке үйрету.<br>**Барысы:**<br>Балаларды шеңберге жинау. Амандасу, бір-біріне жылы сөз айту.<br>Қысқа сергіту жаттығуы: аяқ-қол қимылдары, терең дем алу.<br>Зейінді шоғырландыруға арналған ойын: «Тыныштықты тыңдау» немесе «Дыбысты табу».<br>Оқу құралдарын ретке келтіру, сабаққа дайын болу. |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | | 1 - ұйымдастырылға | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | н іс-әрекет | | | | |
| | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөйлем<br>**Міндеті - Буын саны мен** ретін анықтау буындарды қосып сөз құрауларын пысықтау<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** суретке қарап сөйлем құрайды, сызбасын сызады, суреттегі заттың атауына<br>сызба құрайды.<br>**Түсінеді:** сөйлем неден құралатынын түсінеді.<br>**Қолданады:** сөйлем сызбасын дұрыс қолдана алады<br>«Кім шапшаң сөйлем құрайды?» дидактикалық ойыны Педагог суреттері көрсетеді (көгершін, поезд, сандық, шанышқы, қолтырауын т.б.). Балалар суретке байланысты 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрайды. Сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен атауға тапсырма береді. Ғажайып сәт. Балалар, қуыршақ Айсұлу бізге ішіне тапсырмалар салынған хатқалта беріп жіберіпті, хатқалтаны ашып, тапсырмаларын орындайық. «Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады. – -ше буынынан басталатын сөздер ойлаңдар. –ше-лек, ше-міш-ке, ше-гірт-ке, ше-ге т.б. – -ба буынынан | **Математика негіздері**<br>Не білеміз? Не істей аламыз?<br>**Міндеті:** - Шартты өлшемнің көмегімен заттарды салыстыру (түсі, пішіні, өлшемі), санды цифрмен сәйкестендіру<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**меңгереді:** «ұзын – қысқа» сөздерін айтуды, ұзындық бойынша салыстыру тәсілдерін атауды: бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы өлшеуді; «ұзынырақ қысқарырақ», «ұзындығы бірдей», «жоғары – төмен», «биіктігі бірдей», «тар – кең», ені бірдей; жуан, жіңішке, қалыңдығы бірдей, сөздерін сөйлеу барысында қолдана білуге үйрету;<br>**түсінеді:** ұзындықты шартты өлшемнің көмегімен қалай өлшеуге болатынын;<br>**қолданады:** заттарды бір-бірінің үстіне қоюды, бір-біріне жақындату арқылы, шартты өлшемнің көмегімен өлшеуді, салыстыруды. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Суреттерге қара. Алдымен не болды, содан кейін не болады? Цифрларды реті бойынша | | **Сауат ашу негіздері**<br>**Сөйлем мен сөз**<br>**Міндеті:- - Сөйлем ұғымымен** таныстыру, екі-үш сөзден тұратын сөйлем құратып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып үйрету<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** суретке қарап сөйлем құрайды, сызбасын сызады, суреттегі заттың атауына<br>сызба құрайды.<br>**Түсінеді:** сөйлем неден құралатынын түсінеді.<br>**Қолданады:** сөйлем сызбасын дұрыс қолдана алады<br><br>«Жоғалған дыбысты тап» дидактикалық ойыны – Мен сендерге суреттерді көрсетіп бір дыбысы жоғалған сөз айтамын, сендер сол жоғалған дыбысты орнына қойып қайта айтасыңдар. Мысалы: баспалда...(қ), мекте...(п), қолға...(п); (а)...лқа, (м)...оншақ, (т)...ауық, (а)...лжапқыш, (б)...ояу, (ж)...олбарыс, (а)...рыстан, (ж)...ылқы, (б)...алық, (т)...осбелгі т.б. Сөз дыбыстан, сөзден сөйлем құрылатынын білеміз. «Сөйлемді толықтыр» дидактикалық ойыны Ойын шарты: балалар педагогтің бастаған сөйлемін өз ойларымен жалғастыру керек. Жылқының төлі – (құлын). Үйдегі ең кішентай бала – (кенже бала). Өркеші бар жануар – (түйе). Бал беретін жәндік – (ара). Құйрығы айыр құс – (қарлығаш). Жұмыс дәптерімен жұмыс 1. Сурет бойынша сөйлем құра, сызбасын сыз. Сөйлемдегі сөздердің реті мен санын анықта. 2. Суреттерді ата. Буынға бөл. Бірінші буындары бірдей сөздерді ата. Оларды бір-бірімен қос. | **Сауат ашу негіздері**<br>**Сөйлем құрау**<br>**Міндеті - Сөйлемдегі сөздердің** ретін, санын анықтау<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** суретке қарап сөйлем құрайды, сызбасын сызады, суреттегі заттың атауына<br>сызба құрайды.<br>**Түсінеді:** сөйлем неден құралатынын түсінеді.<br>**Қолданады:** сөйлем сызбасын дұрыс қолдана алады<br>Педагог балаларды «Жалпы атауын ата» ойынын ойнауға шақырады. Балалар педагог айтқан сөздердің жалпы атауын жылдам айтып берулері керек. 1. Құлпынай, таңқурай, қарақат – ... (жидектер) 2. Түймедақ, қызғалдақ, раушан – ... (гүлдер) 3. Көбелек, қоңыз, маса, құмырсқа – ... (жәндіктер) 4. Сиыр, ешкі, қой, жылқы – ... (малдар) 5. Күн, түн, таңертең, кеш – ... (күн уақыты) Жылдам әрі дұрыс жауап берген балаларды мадақтау. Дыбыстармен жұмыс «Тиісті түсті көрсет» дидактикалық ойыны Педагог дыбыстарды айтады: а, б, у, о, н,с, п, р, л, д, ф, ж. Балалар тиісті түсті көтереді, егер дыбыс дауысты болса, қызыл, ал дыбыс дауыссыз болса, көк фишканы көтеру керек. «Сөйлемді жалғастыр» дидактикалық ойыны – Балалар, мен сөйлемнің басын бастап айтамын, сендер мағынасына қарай аяқтайсыңдар. Ойын шарты: педагог сөйлемнің басын айтады, сөйлемді балалар аяқтау керек. Мысалы: Педагог: Мұғалім тақтаға Апай ертегі Жұмыс дәптерімен жұмыс Балалар: | **Көркем әдебиет**<br>Бала біздің – болашақ<br>**Міндеті:** - Сурет бойынша әңгіме құрап айтуын дамыту. Сұрақтарға жауап беруге үйрету. Елімізге лайық азамат болып өсуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Сурет бойынша әңгіме құрап айтуын дамыту.<br>Сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br>Елімізге лайық азамат болып өсуге тәрбиелеу.<br>Жаз мезгілінің бірінші күні, бірінші мерекесі – Балаларды қорғау күні.<br>– Балалар, сендер болашақта елімізді, жерімізді қорғайтын азаматсыңдар.<br>Бұл – сендердің мерекелерің.<br>– Бүгін біз ақын Қасым Аманжоловтың «Бала – біздің болашақ» атты өлеңімен танысамыз. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі жеткізеді.<br>Сөздік жұмысы:<br>*болашақ* – алдағы уақыт<br>*сүйсінеміз* – қызығамыз<br>Өлең мазмұны бойынша *сұрақ-жауап:*<br>– Өлеңнің авторы кім?<br>Өлеңде не туралы айтылған?<br>– Болашақта сен қандай болғың келеді?<br>– Өлеңде қандай ұйқас сөздер бар? |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | басталатын сөздер ойландар. – Балык, батпак, бака, багдат, бак, бақбақ, бақыр, Багжан, байгазы, байлык, базар, Базаргүл, балшык т.б. – -са буынынан басталатын сөздер ойландар. – Сагыз, сабын, салт. Самал, сарай, сары, сай, самал, сал, сауык, сауыншы, сатушы, сауап, сауықшыл, сан т.б. | коршап сыз. Сағатта көрсетілген уақытты ата. Педагог оқиғалардың әртүрлі ретпен орындалатындығы туралы әңгімені жалғайды. Балалар суретке қарайды, алдымен не болғанын, содан кейін неге айналғанын анықтайды. Сағаттардағы уақытты қарайды. Үлестірмелі материалды пайдалануға болады №31 парақ. Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Балалар карточкалар жиынтығын алады және болып жатқан оқиғалардың суреттерін ретімен орналастырады №23, №24 парақтар. Сергіту сәті. «Күн мен Түн» қимылды ойыны. Педагог жылдам музыканы қосады, «Күн» дабылды командасы бойынша балалар белсенді билейді. «түн» дабылды командасы бойынша музыка өшіріледі, балалар бір орында қатып қалады. 2-тапсырма. Қанша қылауыш болды? Сана. Цифрды қоршап сыз. Неше қылауын қалды? Цифрды қоршап сыз. 3-тапсырма. Бастырып сыз. Педагог балалардың қаламды қалай ұстайтынына назар аударады. Орындалуын тексеру кезінде | | | жазды оқыды. 1. Суреттерді қара. Әр сурет бойынша сөйлем құра. Сызбасын сыз. | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | тапсырманың ұқыптылығын бағалайды. 4-тапсырма. Дөңгелектерді екі қорапқа әртүрлі етіп бөліп, суретін сал. Бұл тапсырманы бұршақтармен, қақпақтармен, қағаз шеңберлермен және т.б. заттармен тәжірибелік ойын түрінде өткізуге болады. Балалар заттарды жайып, дәптерге сурет салады. 5-тапсырма. Суреттерді: шаршы үстінде, ал шеңбер астында болатындай етіп боя. Шеңбер үстінде, ал шаршы астында болатындай етіп боя. | | | | |

**«Үнемді тұтыну»- Мақсаты: Оқушылардың үнем туралы түсініктерін кеңейту, Ой - өрістерін, тілдік қорын дамыту, Үнемдей білуге ұқыптылыққа тәрбиелеу**

| | | |
|---|---|---|
| Үнемдеу маңыздылығы: Су-тіршілік көзі. Егер суды дұрыс пайдаланбасақ, таза су қоры азаяды және көптеген елдерде су тапшылығы пайда болады. Жадынама: 1. Кір немесе ыдыс жуғыш машинаны тек толық толғанда ғана қосыңыз. 2. Душ қабылдағанда уақытты қысқарту. 3. Кранды жуу кезінде және басқа жұмыстарда ашық қалдырмаңыз. 4. Суды қайта колданыңыз - мысалы өсімдіктерді суғаруға немесе тазалауға колданыңыз. 5. Жуынатын бөлмеде ағып тұрған кранды дер кезінде жөндеңіз. QR СКАНЕРЛЕУ | СУДЫ ҮНЕМДЕУ  | Нұсқаулықтар: 1. Тіс тазалау кезінде суды өшіріңіз: Тіс тазалау кезінде суды ағыза бермеңіз, тек қажет кезде қосыңыз. 2. Кранды қысқа уақытқа ашып, суды дұрыс пайдаланыңыз. 3. Душ қабылдау уақытының қысқарту үшін таймер пайдаланыңыз. 4. Автоматтандырылған суару жүйелерін қолдану арқылы суды бақылаңыз. 5. Жеміс-көкөністі жуу кезінде ағынды су орнына ыдысты пайдаланыңыз.  |

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Сөйлеуді дамыту дамыту**<br>«Түлкі мен Қоян» ертегісі<br>**Міндеті: -** Әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Енді ертегідегі «Түлкі» сөзіне дыбыстық талдау жасайық.<br>–«Түлкі» сөзі неше буыннан тұрады?<br>–Неше дауысты дыбыс бар?<br>–Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?<br>–Ал дауыссыз дыбысты, көк түспен белгілейміз. Т – дауыссыз дыбыс.<br>Ү – жіңішке дауысты дыбыс. Л – дауыссыз дыбыс.<br>К – дауыссыз дыбыс.<br>І – жіңішке дауысты дыбыс.<br><br>–Мін... ... | **Қазақ тілі**<br>Торт мезгіл<br>**Міндеті:** -Жыл мезгілдерін 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>-Балалар торт мезгілді ажырата ала ма бақылау жасаймын:<br>• Әр мезгілге жеке тоқталып, балаларға сауал<br>• Кімге қандай мезгіл ұнайтыны жайында балалардың әңгімесі<br>**Тақырыпқа кірісу.**<br>Мен жұмбақтар жасырам сіздер тауып көріңіздер?<br>*1.Жасыл тауда,бауда*<br>*Жасыл ағаш,далада*<br>*Жеңіл киім киеміз*<br>*Қайсымыз ол мезгілді білеміз?*<br>*ЖАУАБЫ: Жаз (авторы Хызырхан Рыздык)*<br>*2. Жаздан кейін келеді*<br>*Жеміс пісіп,тереді*<br>*Жапырақтар сарғайып*<br>*Жылы киім киеді*<br>*ЖАУАБЫ: Күз (Авторы Хызырхан Рыздык)*<br>*3. Жапалақтап қар жаса*<br>*Аққаланы жасаймыз*<br>*Суық мезгіл кеп қалса*<br>*Мерекеге дайындала бастаймыз*<br>*ЖАУАБЫ: Қыс (Хызырхан Рыздык)*<br>*4. Ағаштарда бүршік атып*<br>*Ал бәйшешек қарды жарып*<br>*Сездірді оның жеткенін*<br>*Қош келдің даламызға ......*<br>*(көктемім)* | **Математика негіздері**<br>Не білеміз? Не істей аламыз?<br>**Міндеті -** Оқиғалар тізбегін,» «алдымен-содан кейін», «болды-бар-болады» ретімен айту . .<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**меңгереді:** «жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта, ортада» сөздерін айтуды;<br>**түсінеді:** қағаз бетінде бағдарлауды;<br>**қолданады:** «жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта, ортада» ұғымдарын қолдана алуды, белгілі бір заты оның орналасқан орнын сипаттау бойынша таба алуды<br>«Цифрды жина» ойындық жаттығуы, (№5, №6, №7 парақтар). Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Суреттерге қара. Ұяда неше балапан қалғанын сана. Сонша дөңгелекті қоршап сыз. Қоршауда неше балапан бар? Сана. Неше балапан қоршаудан шықты? Нешеуі қалды? Сонша дөңгелекті қоршап сыз. Сергіту сәті. «Жанды цифрлар» қимылдық ойыны. Балалар 1-ден 10-ға дейінгі цифрлары бар карточкаларды алады. Балалар бөлмеде жүреді. Педагогтің дабыл сигналы бойынша: 162 «Цифрлар! Ретімен тұрыңдар!», балалар қатарға тізіліп тұрып, олардың ... атайды. Педагог әркімнің өз орнына келгенін тексереді. 2-тапсырма. Бастырып сыз. Орындамас бұрын педагог дұрыс отыру қалпын. дәптердің дұрыс орналасуына назар аударады. 3-тапсырма. Тізбекті жалғастыр. Боя. Тапсырманы жалғастырып орындаған кезде, балалар фигуралардан, моншақтардан, түймелерден және т.б. фигуралардан өз «тізбегін» құрып, көрсете алады. 4-тапсырма. Таяқшалардан фигуралар құрастыр. | **Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Жас экологтер<br>**Міндеті: - -** Балалардың табиғат туралы білімдерін молайту, табиғатты қорғау әр адамның міндеті екенін ұғындыру<br>**Күтілетін нәтиже**<br>-Балалардың табиғат туралы білімдерін молайту, табиғатты қорғау әр адамның міндеті екенін ұғындыру.<br>- Туған жер табиғатына деген сүйіспеншілігін арттыру, экологиялық тәрбие негізін қалыптастыру.<br>- Табиғатты қорғай алатын, аялай білетін адамгершілігі мол, ізгілікті экологиялық білім<br>**Жануарлар әлемі** , өсімдіктер, жәндіктер, құстар, балықтар , адам да ауасыз, сусыз, күнсіз, тамақсыз өмір сүре алмайды. Табиғат – бізді қоршаған әлем, адамдар не қажеттінің бәрін табиғаттан алады. Адам – табиғаттың бір бөлігі. Табиғатты сақтау біздің әрқайсымызға байланысты. Табиғи апаттар суреттері шығады, педагог балалармен әңгімелейді. (мұнайға малшынған құс, ормандағы, теңіз жағалауындағы қоқыстар, Арал теңізі т.б.). Балалар, айтыңдаршы табиғатты сақтау, қорғау не үшін қажет? (Балалардың жауаптары). Эколог – қоршаған ортаның жағдайын талдап, табиғатқа мүмкін болатын зиянды азайту шараларын әзірлейтін маман. Эколог табиғи апаттардың себептерін анықтап, қоршаған ортаға адамның қатысуымен болған қате әрекеттердің әсерін азайту жолдарын әзірлейді. 2-слайд. Интербелсенді тақтадан бейнехат шығады. Баланың бейнесі шығып, | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *ЖАУАБЫ: Көктем (Авторы Хызырхан Рыздық)*<br>3. Балақайлар біз төрт мезгіл туралы өттік. Сіздер бәрін білесіздер. Енді білетінімізді ортаға салайық.<br>1. Күз туралы не білесіздер? Ол неше және қандай айлардан тұрады?<br>2.Қыс мезгілі жайлы білетіндеріңізді айтып берсеңіздер.Суретке қарап әңгіме құрастырыңыздар. | Әр фигураға қанша таяқша қажет болды? Цифрды қоршап сыз. Практикалық жұмыс. Педагог үстелге түрлі түсті санау таяқшаларын таратады. Әр бала тапсырманы өз бетінше орындайды (кез келген фигураны құрастыруға болады). Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды, балаларды ынталандырады. Балаларға өз жұмысын бағалауды ұсынады. Егер тапсырманы дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. | сөйлейді. «Сәлеметсіңдер ме, балалар! Менің атым – Мишель, мен алыстағы Франция елінен хабарласып тұрмын. Біздің ел – бүкіл әлемдік «Greenpeace» – «Жасыл әлем» табиғатты қорғаушылар ұйымының мүшесі. Ұйым орамандарды кесу, өзен-көлдерді, теңіз-мұхиттарды, қоршаған ортаны қауіпті химиялық заттармен ластау, жан-жануарлар, табиғатты қорғау сияқты мәселелерге назар аударады. Мен барлық әлем балаларына хат жолдаймын, осы ұйым мүшесі болуға, яғни жас табиғат қорғаушылары –эколог болуға шақырамын. Ал эколог болу үшін, біз өз білімдерімізді тексеруіміз керек және сынақтардан өтіп, тапсырмаларды орындау қажет болады. Тапсырмаларды орындап, сынақтан өтсеңдер, сендерге жіберген «Жасыл әлем» эмблемасын кеуделеріңе тағып, табиғат қорғаушылары – «жас эколог» болып, ұйым мүшесі боласыңдар. | |

Үлкен үзіліс: «Күй күмб Келіншек» күйі

Мақсаты: Түрліше сипаттағы муз сүйсіне тыңдап, тани білуге ынтасын дамыту.








3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қоршаған әлеммен | Көркем әдебиет | Сөйлеуді дамыту | Музыка | Шығармашылық бейнелеу |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Барабанды айналдырған бала қандай сурет алып шығады, сол суретке байланысты интербелсенді тақтадан музыкамен өрт сөндіруші туралы бейнебаян шығады. Бұл мамандық иесін қалай атайтынын сұрайды. – Өрт сөндірушілер. – Өрт сөндірушілердің киімдері қандай? – Өрт сөндірушілер өрттен және түтіннен қорғау үшін арнайы киім киеді. Бастарында болат дулыға, қалың брезенттен тігілген шалбар мен күрте, аяғында мықты әрі ыңғайлы етік. Өйткені өрт сөндіруші отқа түсіп, адамдарды құтқаруы керек! Олар арнайы жабдықталған өрт сөндіру мәшинелерімен жүреді. Педагог балаларға өрт сөндіру мәшинесін сипаттауды ұсынады: – Мәшиненің төбесінде жиналмалы баспалдақтары бар. Мәшиненің түсі ашық қызыл түсті, арнайы қалыпта суқұйғыш шланг бар. Өрт сөндіру мәшинесінің төбесінде арнайы сирена-дыбыстағыш б | (соңындағы қосымшадан қараңыз). Сөздік жұмысы: *ғаламды* – бүкіл әлемді *шыңға шығады* – биікке көтеріледі Өлең мазмұны бойынша *сұрақ-жауап:* – Өлең қалай аталады? Авторы кім? Өлең не туралы? – Өмірде барлық нәрсені тану үшін адамға не керек? – Мектепке не үшін барамыз? – Мектепке бару үшін не керек? – Өлең білім, мектеп туралы. Мектепте біз ұстаздан білім аламыз. Ақын да, ғалым да, президент те – бәрі де мектептен білім алады. Сендер де мектепке барып, білім алып, көп нәрсені үйренесіңдер. *Дидактикалық ойын:* *«Ғажайып қоржын»* (баланың зейінін дамыту) Шарты: ғажайып қоржынның ішінде заттар, ойыншықтар, оқу құралдары бар. Балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып, бөлек жинап, аттарын атайды. – *Мектеп* сөзіне сөйлем құра | | | |

Қауіпсіздік сабағы : «КӨШЕДЕГІ БЕЙТАНЫС АДАМДАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫНА ҚАЛАЙ ЖАУАП БЕРУГЕ БОЛАДЫ»

Мақсаты: балаларды көшеде бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету және бейтаныс адамдардан неге кәмпиттерді, ойыншықтарды немесе тәттілерді алмау керектігін түсіндіру. .

Тексерілді: [signature]